



**Қазақстан Республикасы соттарының төрағалары мен судьяларын
қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 82-бабының 2-тармағына, «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 31-бабының 2, 5, 7-тармақтарына, 34-бабы 1-тармағының 1), 2), 8) тармақшаларына, 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Төраға қызметіне:

Астана қалалық сотына

Бәрпібаев Тілектес Ешейұлы;

Ақтөбе
облыстық сотына

Абдолла Сәкен
Қазақстан Республикасы Әскери сотының
төрағасы қызметінен босатыла отырып;

Қазақстан Республикасының
Әскери сотына

Мұсабекұлы Жандос
осы соттың қылмыстық істер жөніндегі
сот алқасының төрағасы қызметінен
босатыла отырып;

Қарағанды
облыстық сотына

Шәріпов Нұрсерік Кәрімұлы

тағайындалсын.

2. Судья қызметіне:

Алматы облысы бойынша:

Талғар аудандық сотына **Байғалиев Айдос Байғалиұлы;**

Атырау облысы бойынша:

Жылыой аудандық сотына **Ысқақов Мұратқали**
осы облыстың Мақат аудандық сотының
төрағасы қызметінен босатыла отырып

тағайындалсын.

3. Атқаратын қызметінен:

Қарағанды облыстық сотының төрағасы **Әлімбеков Мұсабек Тұрғынбекұлы**
орнынан түсуіне байланысты;

Ақмола облысы бойынша:

Егіндікөл аудандық сотының төрағасы **Жазит Бекзат Болатұлы**
судья өкілеттігін тоқтата отырып,
өз тілегі бойынша;

Қызылорда облысы бойынша:

Қызылорда қалалық сотының судьясы **Райқұлов Досымжан Мүслімұлы**
басқа жұмысқа ауысуына байланысты

босатылсын.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н.Назарбаев

Астана, Ақорда, 2018 жылғы 26 желтоқсан

№ 811

